

ӘОЖ 338.38

**ТУРИЗМ САЛАСЫН ДАМУДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИ
МҰРАСЫНЫҢ РӨЛІ**

Турғанбаев Дос Әлиұлы

dos_25.97@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, «Туризм» мамандығының 4 курс студенті

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – PhD, доцент Ағыбетова Р.Е.

Ұсынылған жұмыста қазіргі таңдағы Қазақстан мәдени мұрасының теориялық аспектілері және оны дамытудағы тиімді ұсыныстармен қатар, жастардың ағымын күшейтетін тың жолдар қарастырылған. Шетел тәжірибесіндегі жаңа ауқымды орталық құру, оның базалық салалары және тиімді нәтижелері қарастырылған.

Еліміз егемендік алғалы бері, талай белесті бағындырып келеді. Алтай мен Атыраудың арасын алып жатқан ұлан ғайыр мекеннің тарихы тереңінен жайылған. Халқымыз ежелден дәстүрі мен мәдениеті сақталған ерекше мекеннің иелері болып табылады. Шаңырақтың астында батырлықтың рухымен тәрбиеленген Қазақ ұлтымыздың да салт-дәстүрі, мәдениеті мен әдеп-ғұрпы ерекше орынға ие. Қазіргі таңда, кең байтақ жеріміздің төңірегінде 130-дан астам ұлт өкілдері өмір сүреді. Бұл дегеніміз, Қазақстанда 130-дан астам тіл, мәдениет, салт-дәстүрлер бар деген сөз. Соның арасында қазақ ұлтының барлық құндылықтарының сақталынуына және дамуына күш жұмсағанымыз абзал. Себебі, ұлт мұрасы – мемлекетіміздің болашағы. Осы тұрғыда Елбасы Н.Ә.Назарбаев, өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында ұлттың өзекті мәселелерін қозғады. «Кеңістік – барлық нәрсенің, ал уақыт – бүкіл оқиғаның өлшемі. Уақыт пен кеңістіктің көкжиегі тоғысқан кезде ұлт тарихы басталады» деп, Елбасымыз айтқандай, расында ұлтымыздың тарихы ерліктің кезеңінде бастау алғаны талай ғасырлардың еншісінде. Қазақ халқы – тектіліктің негізін қалағандардың ұрпағы. Елбасының мақаласында айтылғандай-ақ, Ұлы даланың ұрпақтары байырғы заманда ойлап тапқан көптеген техникаларды қазіргі таңға дейін әлемнің түкпір түкпірінде қолданылады. Мәселен, қазақ жұртының ата-бабалары атты қолға алған үйретіп, үзеңгі секілді заттарды ойлап тапқан. Отырар қаласының өзі мәдениет пен дамудың нақ дәлелдемесі. Отырардан шыққан әлемнің екінші ұстазы Әбу-Насыр әл-Фараби ағамыздың аты баршаға белгілі. Сонымен қатар, әлем тарихында ойып тұрып, орын алатын Ұлы Жібек Жолы. Ұлы Жібек Жолы –Еуразияның кіндігінде орналасқан Қазақ елі сауданың нақ ортасында ғасырлар бойы жүріп келеді. Осы жолда керуеннің нақышына айналған қазақ еліміздің жері мақтаныш емес пе?! Біздің жеріміз де, тарихымыз да әлем тарихына өзгеріс алып келе білген. «Қазақстан – түркі халықтар үшін қасиетті «Қара шаңырақ»» - деген тағы да Елбасының сөзіне тоқталғым келеді. Расында да, өткенге көз жүгіртсек, талай рулар мен тайпалардың ортасы біздің жерімізден басталған. Осылардың барлығы – барша түркі халықтары үшін, әсіресе, қазақ ұлты үшін құнды әрі маңызды мұра болып табылмақ. Себебі, тарихымыздың тереңі талай зерттеулер мен ашуларды қажет етеді. Осы тұрғыда, Елбасымыз қазақ тарихын басталғаннан қазіргі заманға дейін зерттеп, барша жұмыстарды ерекше назарға алып, қайта жандандыру керек дегенді өз мақаласында бірнеше рет дөп басып айтқан-ды. Себебі, кешегі тарих – бүгінгі өнеге, ертеңгі болашақ.

Қазіргі таңда мәдени мұраның басты бағытын «Туризм» арқылы дамытқан тиімді. Өнер, дәстүр, ұлт құндылықтары мен мұраларын сақтау және дәріптеу – әрбір мемлекеттің талпынысынан көрініс табады. Дамушы мемлекеттер туризмді дамыту мақсатында барынтызарлығын салуда. Туризмнен саласынан мол пайдаға кенелу үшін, оған лайықты инфрақұрылым, жаңашылдық, жаңа идеяларды ұсына білу қажет. Еуропа елдеріне көз жүгіртсек, тарихы тереңнен танымал мемлекеттер. Яғни, танымдық мақсатта көптеген туристерді қабылдайтын Еуропа мемлекеттері туризмнен мол табыс табуда. Мемлекет тарапынан туризмді қолға алудағы басты бағыттың бірі – туризм индустриясын қолға алу. Ең қарқынды бұл саланың көрсеткіші жыл санап артып келеді. Мәселен:

- Туризм сондай-ақ, әлемдегі 83% экспорттаушылардың бестігіне кіреді және 38% шетелдік кірістің негізгі көзі болып табылады.

- Туризм жыл сайын 700млн.туристерді тасымалдайды

- Алдағы уақытта ішкі туризм қарқынды дамиды деп күтілуде. Зерттеу бойынша, әлемде ішкі туризм халықаралық туризмнен 10 есе асып түседі.

- Еуропа, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Шығыс Азия және Тынық мұхит туристердің 80% құрайды.

- Еуропаға әлемдегі туристердің 2/3 бөлігі келеді. Қазіргі таңда бұл көрсеткіш төмендеп бара жатыр.


- Әлемдегі демалыс алған әрбір екінші адам жыл сайын Еуропаға келеді. Еуропа тұрғындарының 9 %-ы ғана Еуропа аумағынан шығады.

- 2020 жылға дейін халықаралық туризммен келушілердің саны екі есеге артады және туризмнен түсетін кіріс 2 триллион долларды құрайды деп күтілуде.

Осы мәліметтерді пайдалана келе, туризммен байланыстырып өз жобамды ұсынамын. Бұл жоба елімізде әлі болмаған және міндетті түрде өз нәтижесін табады дегенге толық сеніммен қарауға болады. Ол – UNESCO қарамағындағы жеке бағдарлама – K4Z орталығын құру. Бұл орталықтың басты мақсаты – Қазақстандағы көптеген мәдени мұраларды UNESCO тізіміне енгізу болып табылады [1].

«K4Z Center» орталығы және оның даму болашағы

Knowledge for zeitgeist (K4Z) орталығын құру – Қазақстан секілді дамушы мемлекетке ең керекті қажеттіліктің бірі. Себебі, бұл – тек мемлекет қарамағындағы топталған ұйым емес. Бұл ұйым – UNESCO басқаруымен құралатын және ұйымдастырылатын орталық. Мұндай орталықтар көбінде Еуропа мемлекеттері және UNESCO-мен тығыз байланыстағы мемлекеттерде бар [2]. Бұл орталықтарға ие мемлекеттердің барлық мұралары бекем сақталады. Себебі, UNESCO секілді әлемдік орны бар ұйым – мұраларды қайта жандандыру үшін және оларды сақтау үшін ең ауқымды әрі тиімді шараларлы қолданады. Осының арқасында Еуропа елдеріне әлемнің барша елінен ең көп адамдар келеді. Сонымен қоса, жастарды табиғи және мәдени мұраларын сақтауға итермелейді. Бұл орайда, әрбір ұлттың мәдениеті және ерекше салт-дәстүрлері дүниежүзінде ерекше орын ала алатынының дәлелдемесі. Өкінішке орай – UNESCO көлеміндегі ұйымдастырылған бұндай ұйым Қазақстанда жоқ. Дегенмен, мемлекет деңгейінде мәдени және ұлттық мұра құндылықтарын сақтау үшін талай ұйымдар мен одақтар бар. Бірақ, бізге керегі нәтиже емес пе? «K4Z Center» орталығын құру идеясы UNESCO қарамағында құрылып, белгіленген талаптарға сай іс-шаралар өткізеді. Әр салада әртүрлі міндеттер мен талаптар болуы мүмкін. Мәселен, Материалды және материалды емес мәдени мұралардың өзіндік орындары бар [3].




Сурет 1. Knowledge for zeitgeist (K4Z) орталығының мақсаттары

Еуропа елдерінің мәдениеті осы UNESCO көлеміндегі бағдарламалар арқылы әлемге танытып, табыс көзінің көбісін туризммен тауып отыр. Осы әлемдік бағдарламаны Қазақстан мемлекетінде іске қосса, еліміздің біршама тарихи орындары, мәдени мұралары UNESCO қарамағына алынып, бағдарламалар арқылы мәдени мұрасын жаңғыртады және сол арқылы басты экономикалық табысын арттыра алады.


Кесте 1. Мәдени мұраның негізгі тармақтары

Материалды	Материалды емес
<p>Материалды мәдени мұраларды жандандырумен айналысатын:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Жастар - Зерттеу орталықтары - Мұражайлар - Тарихи орталықтар - Жергілікті басқармалар - Арнайы архив немесе көрмелер 	<p>Материалды емес мәдени мұраларды жандандырумен айналысатын:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Жастар - Зерттеу орталықтары - Театр - Кинотеатр - Мәдениет үйлері - Ұлттық мәдени орталықтар

Knowledge for zeitgeist орталығы қалай жұмыс жасайды? [4]. Бұл бағдарламаны тікелей UNESCO өз бақылауында басқарады және Қазақстанды қамтиды.



Сурет 2. Knowledge for zeitgeist (K4Z) бағдарламасының басқарылуы



Сурет 3. Бағдарлама іс-шараларының ұйымдастырылуы мысалында

Мәдени мұра бойынша K4Z орталық бағдарламасы өткізіледі. Мысалы, жазда «Ұлттық аспаптар» күні іс-шарасынан басталса, бұл Қазақстанның барлық аймағын қамтып, белгіленген негізгі орталықтарда ұлттық аспаптардың барлық түрі таныстырылады, әуенді күйлер мен музыкалар Қазақстан даласында жаңғырып отырады. Сол секілді басқа да, ұлттық тағамдар, киім және ұлттық ойындарда біртіндеп өз кезегінде

жүзеге асырыла бастайды. Бұл тек мәдени мұраны дәріптеп қана қоймай, UNESCO арқылы әлемнің назарын аударып, туристер ағымын көбейтуге таптырмас мүмкіндік бола алады [5].

K4Z орталығы бағдарламасын Қазақстанға қосқан жағдайда, адам ағымдарының ортасында, күнделікті адамдар толы болатын жерлерде тікелей шаралардың ортасына айналдырады. Іс-шаралар, бағдарлама мерекелерін көпшілік ортасында ұйымдастырылады. Елімізде адам саны бойынша жастардың саны көп. Яғни, жастардың күнделікті ажырамас баратын толы жерлері жоғары оқу орындары және орта мектептер, сонымен қатар, таным мақсатында мұражайлар мен басқа да орталықтар бола алады. Мысалы, «Ұлттық аспаптар» күнінде бағдарлама Қазақстанның барлық жоғары оқу орындарында, мектептерінде және мұражайларда тек ұлттық аспаптардың көрмесін жасап, ұлттық аспаптарда музыка ойнатылады. Сонымен қатар, халық әндері мен басқа да музыкаға байланысты фестивалдар, мерекелер ұйымдастырылады. Одан бөлек, әр мезгіл сайын біршама мәдени мұра құндылықтарды көтеруге болады.

Knowledge for zeitgeist (K4Z) орталығы жобамыздың негізгі мақсаты осы мұра құндылықтары мен тығыз байланысты болып келеді. Яғни, тарихымызды зерттеп, мәдени мұраларымызды қайта жандандырып, ұмыт болмас үшін оны сақтауға жастарды шақыру, еріктілер ретінде осы бағытта жұмыс жасауына бағытту болып табылады. Және бұл орталықтың мақсаты осымен шектеліп қана қоймай, UNESCO тізімін де көздейді [6]. Нақтырақ айтқанда, UNESCO қол астында жұмыс жасайтын бұл орталық, болашақты Қазақстан жеріндегі барша материалды және материалды емес мәдени құндылықтарды дүниежүзілік UNESCO тізіміне енгізуге үлкен мүмкіндік тудырады. Осы тұрғыда жұмыс жасау – ұлт мәдениетінің кеңінен таралуы үшін де, сақталуы үшін де тиімді бола алады. Әрине, туризмнің тұрақты дамуы үшін жарқын жол аша алатынына кепіл бола алады.

Қазақстан – тамыры кеңінен жайылған, мәденеттің нақ төрінен орын ала білген, батырлықтың рухын әлі күнге дейін жалғап келген қасиетті мекен. Мекеннің тарихына үңілсек, талай ерлік пен байтақ өлкенің байлығын басып жүргенімізді білеміз. Сол себептен болар, қазіргі жастар арқалап жүрген ең маңызды жауапкершіліктің бірі – байырғы заманның толасында келе жатқан ғасырлар тоғысуындағы құндылықтарымызды сақтау. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Ұлы даланың жеті қыры мақаласында біздің мәдени және тарихи мұра құндылықтарымыздың бай екенін, оны сақтау қажет болып тұрғанын және бұның барлығы болашақ жастардың қолында екенін бірнеше рет ескертіп жазады. Расында, тарихымыздың кеңінен таныта алмасақ, мұрамыздың көз алдымызды ұмыт болып кетпейтініне ешкім кепіл бере алмасы анық. Қазіргі таңда ұлт мұрасын әлем танып, UNESCO дүниежүзілік ұйымының тізіміне енген құндылықтарымыз баршылық. Тянь-Шань бөктері, Қожа Ахмет Яссауи кесенесі, Ұлы Жібек жолы, Тамғалы тастағы петроглифтер, Сарыарқа арқаулары секілді киелі әрі құнды жерлеріміз енген. Алайда, біздің тарихи және мәдени мұраларымыз осымен шектелді деген сөз емес-ті. Ғасырлар бойы Алтай мен Атыраудың арасындағы көшпенді халықтың ізінен қалған құнды мұраларымыздың саны біразға жетеді. Жібек жолы бойындағы тарихи қалалар, Әл-Фараби бабамызды дүниеге алып келген Отырар қаласы, Тараз қаласының сан түрлі жәдігерлері, Алматының кереметтей апорт алмасы, Алатаудың бөктеріндегі қасиетті бұлақтар, көптеген ұлттық саябақтар мен тылсым күшке ие киелі жерлеріміз және одан бөлек сан түрлі кереметтеріміз әлем назарын аудартуға лайықты емес пе?! Одан бөлек, материалды емес құндылықтарға қазақ ұлты пайда болғаннан бері бай. Жылқыны алғаш қолға үйреткен біздің ата-бабаларымыз екендігін дәлелдемесіз дәлелдеу қиын. Наурыз мерекесі, түрлі ұлттық тағамдарымыз бен өнеріміздің өзі әлемде ойып тұрып орын ала алатыны сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Poletto, Davide: Territorial Diagnostic of the Tara River Basin Biosphere Reserve and the Durmitor World Heritage Site in Montenegro. – UNESCO-BRESCE. – 2018.
2. Hawkins, Donald E.: A Sustainable Tourism Destination Management Approach for Durmitor National Park and Surrounding Local Communities. – George Washington University.

3. Report of the International Mission to Durmitor National Park and Tara River Basin, Serbian and Montenegro, and to Bosnia and Herzegovina. – January 2015.

4. [Электронды қор]. – Кіру тәрібі: <http://www2.unwto.org/> (World Tourism Organization).

5. United Nations Development Programme: Opportunities and barriers for the private sector in the development of sustainable tourism in Montenegro.

6. Reaching balanced regional development in Montenegro: Problems and Solutions. – South-East Europe Review.